

ӘДЕБИЕТТАНУ LITERARY STUDIES

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-4\(4\)-9](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-4(4)-9)
FTAMP: 17.07.61

А.Ж. Кәрібекова^{*1}, Г.С. Асқарова², А.Н. Тұрарова³

^{1,2} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық к-сі, 13

³ М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті,
080000, Қазақстан Республикасы, Тараз қ., Сүлейменов к-сі, 7

^{*}ORCID: 0009-0008-7269-4247

^{*}e-mail: ak_torgyn-karibek@mail.ru

АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР МЕН АФОРИЗМДЕР ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Аңдатпа. Мақалада қазақтың ұлы тұлғасы Абай Құнанбайұлының қарасөздеріндегі халықтық мақал-мәтелдердің қолданылуының мәселелері құндылықтар жүйесі негізінде қарастырылады. Абай қолданған мақал-мәтелдер қазақ халқының негізгі құндылық бағдарларын көрсетеді. Абайдың қарасөздеріндегі рухани құндылықтарымызды көрсететін мақал-мәтелдер мен акын сынына ұшыраған мақал-мәтелдерге ерекше назар аударылады. Абайдың қарасөздерінде өткір сыналған мақал-мәтелдердің ауыспалы-идиомалық мағыналары, эмоционалды-экспрессивтік бояуы, қоғамдық маңызы Абайдың ойларымен бірлікте қарастырылып, тұжырымдалады. Мақалада халқымыздың жанашыры, ұлы ағартушысы Абайдың баса назар аударған мақал-мәтелдерінің қазіргі заманның рухани құндылықтары жүйесінен алатын орны айқындалады.

Қазіргі уақытта жастардың санасында әлеуметтік маңызы бар құндылықтардың орнына индивидуалдық мінез-құлық белгілері барған сайын пайда болып, қайшылықты дүниетанымдар барған сайын көріне бастады. Жаһандандудың цифрлық трансформациялары қоғамдық құндылықтардың даму бағытын айқындайды, жаңа құндылықтардың пайда болуы мен бекітілуіне әкеледі, мінез-құлық стратегияларын өзгертеді және ой-санадағы бұл өзгерістер мен оның әрекет ету механизмдерін және оның бағыт-бағдарын болжауды, ықпал етіп отырған жағдайды ескере отырып теріс мінез-құлықтардың алдын алуды ерекше өзекті етеді.

Мақалада Абай қарасөздерінде айрықша көрсетілген мақал-мәтелдердің қарым-қатынас және тәрбие құралы ретіндегі ролін сараланып, жастар арасында негізгі позитивті құндылықтарды қалыптастыру үшін түзетуші әсер ету қажет деген қорытынды жасалады.

Тірек сөздер: мақал-мәтелдер, аксиология, құндылық, қара сөздер, Абай.

Кіріспе

Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толу мерейтойына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы жарық көрді [1]. Бұл мақалада «Мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отырған» мерейтойдың «той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілмек» екенін бірден атап көрсете отырып, Президентіміз: «Абай сөзінің бүгінгі заманымыз үшін көкейкестілігі, акын шығармаларынан халқымыз қандай тағылым алуға тиіс екендігі жөнінде жұртшылықпен ой бөліскім келеді» деп, жұртшылықты жанына жақын тарта, Ұлы Абай туралы мәңгілік тақырыпты тағы да ой елегінен өткізуге жұмылдырды. Сондықтан қоғамдық мәселеге дер кезінде жауап беріп отыратын Президенттің терең иірімді мақаласынан туындайтын мәселенің бірі – данышпан Абайдың ғибратты сөздері мен шығармаларын қазіргі заман талабы тұрғысынан талдау, пайымдау жасау, қазақтың бас ақыны, Дана Ұстаз Абайдың мұрасымен терең сусындау өзектілігі күн сайын артуда.

Өйткені, қазіргі уақытта көбейіп кеткен тәрбиешілердің арбауына алданып, «Бай болуды», «Бақытты болуды үйретемін», «Бала тәрбиелеудің тиімді жолдары» дейтін тренингтерге баратындар саны артып бара жатқаны зияткер қауымды алаңдатууда. «Достарды қалай табуға болады?» деп туынды жазған әйгілі Дейл Карнеги қартайғанда жападан жалғыз

қалып көз жұмғаны, баланы жақсы тәрбиелеудің жолдары туралы бірнеше кітап жазған Бенджамин Спокты өз балалары қарттар үйіне апарып тастағаны сияқты адам шошырлық қырлары ашылууда. Алайда, қазір ақпараттар ағымында тәрбиешілер, тренингтер, шешендер көп, ұлттық болмыс тәрбиесін тықсырып, жалтылдаған жарнамамен, сананы улап жатқандар да көп, бұқаралық ақпарат құралдарында «көмектесуді емес, ақша табуды көздейтін пайдасыз тренингтер» туралы айтылып та келеді.

Осы үрдіске қарсы құрал ретінде, Қасым-Жомарт Кемелұлы атап көрсеткендей, «Ұлттық болмыстың үлгісі», «Мемлекет ісінің мүдделесі», «Жаңа қоғамның жанашыры», «Әлемдік мәдениеттің тұлғасы» – Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет» екенін басты назарға ала отырып, ұлы ақынымыз Абайдың қарасөздері мен ондағы халықтық нақылдарды зерттеу нысанына аламыз.

Зерттеудің мақсаты Абайдың қарасөздеріндегі мақал-мәтелдердің қолданысын талдай отырып, ұстаздың ойларының қоғамдық ролін, ұлы ағартушы Абайдың баса назар аударған мақал-мәтелдерінің қазіргі заманның рухани құндылықтары жүйесінен алатын орны мен маңызын зерделеу.

Материалдар мен әдістер

Мақал-мәтел – белгілі бір халықтың өмірден көрген-білгенінен жасаған қорытындысы, ақыл-ой түйіні [2]. Мақал-мәтел, ақыл-нақыл, аталы сөздердің адам баласының бар өмірінде, бүкіл тұрмыс-тіршілігінде араласпайтын саласы жоқ. Мақал-мәтелдерден халықтың әдет-ғұрпы, шаруашылығы, кәсібі, мәдени дәрежесі, халықтың тарихы, өсу жолдары көрінеді. Қазақ қоғамындағы адамдар арасындағы қарымқатынас, басқару, аталар даналығы мен білімін меңгеру, оны өмірде қолдана білу арқылы шыңдалып, қоғамдық-саяси, экономикалық дамуға байланысты өзгерістерге ұшырап отырды. Халық даналығы – біздің ата мұрамыз, асыл қазынамыз. Онда халқымыздың ежелгі ерлігі мен еңбегі, ақылы мен арманы, тұрмысы мен салты бейнеленген [3]. Сондықтан Абай өз қарасөздерінде өмірдегі құбылыстарды жалпылаған сайын мақал-мәтелдерді пайдаланады. Мақал-мәтелдер қоғам өміріндегі маңызды оқиғаларды орынды сипаттауға мүмкіндік бере отырып, ақынға көрсеткісі келген құбылыстарын жалпылау мен жинақтауды жеңілдетті. Абай өмір сүрген заман – адам мен қоғам өмірінде салт пен сана үлкен өзгерістерге ұшырап, қоғамда ұлттық құндылықтар капиталистік қоғам құндылықтарымен тартысқа түсіп жатқан тарихи кезең болатын. Хакім Абай өз қарасөздерінде ұлттық болмысымызды саралай отырып, халықтың сөз маржандарын сүзгіден өткізеді.

Заман талабына байланысты Абай қарасөздеріндегі құндылықтарға соңғы жылдары баса назар аударылып, профессор Ж. Дәдебаевтың «Абай ілімі» еңбегіндегі «Құндылықтар концепциясы» [4], «Абай ілімін білу, түсіну, бағалау» [5] ғылыми мақалалары, Д.Б.Мұхамәдиевтің «Хәкім Абай ғақлияларындағы жалпыадамзаттық құндылықтар» [6], Р.Қ., Сабырбаева мен Б.С. Бегманованың «Хәкім Абай шығармашылығындағы «ұлттық код» тұжырымдамасы» [7] сынды ғылыми мақалалары жарық көрді. Мақал-мәтелдердің маңызы мен қолданысы жайында А.С. Тарақовтың [8], Г. Байшүкірованың [9] зерттеулері негізге алынды.

Мақалада отандық ғылыми зерттеулермен бірге, Эдвард Холл, Милтон Беннетт және Дж. Мартин сияқты халықаралық авторлардың мәдениетаралық қарым-қатынасқа арналған теориялық еңбектері негізге алынған.

М. Әуезов: «Абай мұрасы жайында» зерттеуінде «Абайды тану – жалпы казак әдебиеттануы тәрізді жас ғылым... Шын мол сапалы еңбек нәтижелерін беру жолында, әлде де алдарымызда тұрған қарыз-міндеттер көп», – деп кейінгі зерттеушілерге атап кеткендей, Абай мұрасының зерттеудің өзектілігі арта бермек [10].

Абай қарасөздеріндегі мақал-мәтелдер мен қазіргі құндылықтар тақырыбында зерттеуде жинақтау, жүйелеу, топтау, текстологиялық талдау, салыстыру әдістерімен талдаулар жүргізілді.

Нәтижелер мен талқылау

Абай қолданған мақал-мәтелдерді зерттеушілер Г.Ж. Байшүкірова мен Г.Ж. Қойшыманова екі үлкен топқа бөліп көрсетеді: 1) өнегелі нұсқаушы санаған мақал-мәтелдер

және 2) қатал сынаған нақыл сөздер [9]. Бірінші топқа жағымды құндылықтарды білдіретін Би екеу болса, дау төртеу болады, Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік, Жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған пәлеге жолығар, Өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады, Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді, Бас-басына би болса, манар тауға сыймассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің мақал-мәтелдері топтастырылады, Абай айтқан мақал-мәтелдерге талдау жасау қарасөздерінде татулық пен келісімнің басты орын алатынын, қазақ арасында ауызбіршіліктің жоқтығына ыза болатын ақын әділетті қоғам құру, оның бірлігі мен берекесін арттыру идеясын алға тартқанын көреміз.

Ал төмендегі нақыл сөздермен Абай бай мен кедей арасындағы қарым-қатынастың әділетсіздігін, кедейлердің өмірінің үмітсіздігін, олардың кедейлігі мен әділетсіздігін ашына айтады: Ісі білмес, кісі білер, Өзінде жоқ болса, әкең де жат, Мал тапқан ердің жазығы жоқ, Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті мақал-мәтелдері – осының айғағы. Абай үшін барлық шығыстық ғұламалар көрсеткендей, адамдық – ең жоғары құндылық, сондықтан адамды лауазымына немесе лауазымына емес, сіңірген еңбегі мен жетістіктеріне қарай бағаланды. Абай шектен тыс мақтаншақтықты, алауыздықты, жалқаулықты айыптаған: Ұялмас бетке талмас жақ береді, Атың шықпаса, жер өрте, Сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жоқ, Жарлы болсаң, арлы болма, Алтын көрсе, періште жолдан таяр, Қалауын тапса, қар жанады, Ер азығы мен бөрі азығы жолда, Ердің малы елде, еріккенде қолда, Мал – адамның бауыр еті, Малдың беті – жарық, малсыздың беті – шарық, Қайраны жоқ көлден без, қайыры жоқ елден без, Байдан үмітсіз – құдайдан үмітсіз, Қарнын ашса, қаралы үйге шап деген мақал-мәтелдер келтіріледі.

Ғалымдардың Абай қарасөздеріндегі мақал-мәтелдерді осылайша екі топқа бөліп, атап кеткенмен, бұл жіктеудің жағдаяттық контекстке байланысты екені ашық көрсетілмеген, санамызды уламау үшін бұл топтағы мақал-мәтелдерден жерініп, бойымызды аулақ салып, тілімізден өшіру керек деген ой тумауы қажет, біздің осы шартты жіктеуге орай қосарымыз, екінші топтың мақал-мәтелдерін, яғни сынға алып отырған нақыл сөздерін ойшыл ақын қоғамдағы жат құбылыстарды ашып көрсетуге пайдаланған, мақал-мәтелдерді айыптамайды, ондағы тұжырымдалған ойды өздерінің теріс іс-әрекеттерін қолдауға, не болмаса, ақтап алуға тырысқан жат пиғылды адамдарды айыптайды.

Аға ұрпақтың бойында оңайлықпен өзгермейтін құндылықтар қалыптасқан болса, жастардың бойында әлі орнықпаған құндылықтар қоғам мен айналасындағы жағдайларға сай өзгеріске түсуі мүмкін. Қазіргі ақпараттар заманында жастардың өмірлік құндылықтары елдегі және бүкіл әлемдегі болып жатқан жағдайларға байланысты анықталып, айқындалады, сөйтіп кәмелетке толған 18 жастан бастап, барлық шешімдері мен әрекеттеріне негіз болатын құндылықтар жүйесін дамытады.

Қазіргі жастардың өздері үшін басты деп санайтын құндылықтарын анықтау мақсатында Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің 1-курс студенттеріне Абайтану курсы сабақтарын өту барысында сұрақтар қойылып, нәтижесін төмендегідей ретпен беруге болады: 1. Денсаулық; 2. Отбасы; 3. Сенім, имандылық; 4. Материалдық байлық, қаржылық тұрақтылық; 5. Еркіндік; 6. Махаббат, мейірімділік; 7. Өзін-өзі таныту, білім алу, сүйікті ісі; 8. Коммуникация, саяхаттау.

17-18 жас аралығындағы жастардың ұнататын құндылықтардың маңыздылық тізімі кему реті бойынша жинақталған. Қазіргі жастардың негізгі құндылықтарының тізімінде Абай ең басты деп көрсеткен денсаулық құндылығы қазіргі жастар үшін де бірінші орында тұрғаны, ұлтымыз үшін маңызды отбасы құндылығы екінші орынға тұрақтағаны, иманигүл құндылығы үшінші орында, «бұларсыз адамның өмір сүруі мүмкін емес» деп Абай көрсеткен физикалық қажеттіліктер, материалдық байлықтың да өз орнын тапқаны көңіл қуантарлық. Дегенмен, бұдан жастар өздерінің құндылықтар жүйесін, ең алдымен, өмірдегі табыс критерийлеріне сәйкестендіретініне көз жеткіземіз. Абай ұсынатын еңбекқорлық, таза ар, адал өмір, адамгершілік, әділдік сияқты ұғымдар соңғы орындар алатынын көреміз. Жастардың әділдікті құндылықтар жүйесінде көрсетпеуі әділетсіздікке жолықпағанынан деп ойлауға болады,

мысалы, елімізде жастар үшін маңызды білім беру жүйесінде цифрландыру арқылы тестік жүйеге көше отырып, әділдік шешімін тауып отыр деп нақты айта аламыз. Осылайша, жастардың бойында рухани құндылықтарды қалыптастыруда қоғамдағы нарықтық қатынастар, мемлекеттік қолдау және бай тарихи, әдеби, тағлымдық мұрамыз басты роль атқарады. Осы орайда, Абайдың нақыл сөздері жинақталып берілетін Отыз жетінші қарасөзіндегі әрбір афоризмнің рухани құндылықтар тәрбиелеуде мәні орасан зор. Адамдық, оның басына түсетін түрлі жағдайлар туралы: «Әкесінің баласы - адамның дұшпаны, Адамның баласы – бауырың», «Ер артық сұраса да азға разы болады, Ез аз сұрар, артылтып берсең де разы болмас», «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың», «Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың, қатты қыстың артынан көгі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?», «Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза, қуаты артында болғаны»; «Жікшіл ел жетпей мақтайды, Желөкпелер шын деп ойлайды», «Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады», «Хикмет сөздер өзімшіл наданға айтқанда, көңіл уанғаны да болады, өшкені де болады», «Кісіге біліміне қарай болыстық қыл; татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады» [11].

Қоғамдық көңілді, қарым-қатынасты түсіндіретін афоризмдерінде «Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал» дей отырып, «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі кінәлі. Мен егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деп қоғамдық жауапкершілікті пайымдайды [11].

«Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шыдайды? Соңғыға кім азбайды?» деген сөздерінде адам қоғамсыз өмір сүре алмайтынын жеткізеді, алайда көпшіліктің жаманына шыдауды, қызығына азбауды да ескертеді.

«Дүние – үлкен көл,

Заман – соққан жел,

Алдыңғы толқын – ағалар,

Артқы толқын – інілер,

Кезекпенен өлінер,

Баяғыдай көрінер» – деп өмірдің өткіншілігін, кезектілігін еске салады [11].

Еңбек пен еңбекқорлық туралы: «Тоқ тіленші – адам сайтаны, Харекетсіз – сопы монтаны»; «Бақпен асқан патшадан мимен асқан қара артық; Сақалын сатқан кәріден еңбегін сатқан бала артық», «Биік мансап – биік жартас, Ерінбей еңбектеп жылан да шығады, Екпіндеп ұшып қыран да шығады»; «Егер ісім өңсін десең, ретін тап» деген нақылдарын жатқызсақ, осының ішіндегі «Егер ісім өңсін десең, ретін тап» афоризмінің мәні ерекше [11]. Қазіргі уақытта аса маңызды болып отырған іс басқару мен уақыт басқаруда бірқатар шешімдер айтылады, бірінде: «бастыларын анықтап, алдымен бітіру қажет жұмыстарыңның тізімін жаса» делінсе, енді бірінде: «Алдымен оңайынан баста», енді бірінде «алдымен қиынын бітір» делінеді. Осынша қағиданы Абайда бір ауыз сөзбен бергенін көреміз.

«Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес» деген сөзі арқылы «Көз – қорқақ, қол – батыр» деген халық даналығымен үндесіп, істі бастау кім үшін болса да, оңай бола бермейтінін, сондықтан бастаған іске жұмылғаннан, бастап берген басшылық, көшбасшылықтың да бағасын жоғары көтереді.

Достық туралы: «Жаман дос – көлеңке: басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың;

Басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың», «Досы жоқпен сырлас, Досы көппен сыйлас; Қайғысыздан сақ бол, Қайғылыға жақ бол» [11]. Осындағы соңғы нақылға қазіргі уақытта қайшы құндылықтар қоғамда орын алып отырған жайы бар. Таратып айтар болсақ, «Досы жоқпен сырлас, Досы көппен сыйлас; Қайғысыздан сақ бол, Қайғылыға жақ болға» қарсы «Досы жоқ, қайғылыдан қаш, негатив алма, керісінше, қайғысызбен дос бол, позитивте

жүресің» деген кереғар тұжырымдар ақпараттар ағымын жаулауда. Жекелікке шақыратын, оқшаулануға әкелетін, өз қара басын ойлауды үйрететін, қорқақ, безбүйрек адамды тәрбиелейтін, бірақ адамның құлағына жағатын мотивациялық сөздердің қазіргі бір түрі. Ал Абайда «Досы жоқпен сырлас, дос бол, қайғылыға жақ бол, оған көмектес» дей отырып, адамды бірлікке шақырады, сондай-ақ түрлі қиын жағдайларға басқадан сабақ ала отырып, көмектесе отырып, өзің де дайын болатыныңды үйретеді.

Рухани құндылық, руханилық – бұл адамның психологиялық жағдайы, көңіл-күйі емес, бұл – ұзақ мерзімдік үрдіс. Әр адам өз өмірінде құндылықтарды қабылдау, бойына дарыту, ата-баба мұрасын зерделеу, өзгені құрметтеу, өзін жетілдіру арқылы рухани қасиеттерін дамытуға ұмтылуы керек. Адамның рухани даму жолында Отыз жетінші қарасөзде жинақталып берілген афоризмдердің рөлі ерекше.

Қазақстан дамуының соңғы жылдардағы тәжірибесі қазіргі таңдағы еркіндік пен жаһандану, ақпараттық технологиялар жағдайында жастарды тәрбиелеуде тек мемлекетке, оқу орындарына, отбасыларға ғана арқа сүйеу арқылы табысқа жету мүмкін емес, ұлттық құндылықтарымызды сақтап, ұрпаққа бере білу де аса маңызды.

Бүгінгі таңда жастар үшін маңызды құндылықтың бірі – жалпы қазіргі уақытта өмір сүріп отырған адамдардың едеуір бөлігін қызықтыратын, ұмтылатыны – әлемді саяхаттау, мәдениетаралық қатынас біздің шындықтың ажырамас бөлігіне айналып отыр. Бұл саладағы зерттеулерге заман тудырып отырған қажеттілік артып келеді. Шет елдік ғылымда халықаралық, мәдениетаралық қатынас туралы іргелі зерттеулер жүргізіліп, тұжырымдамалары қалыптасқан [12], [14], қазақ мәдениетаралық коммуникациясының, жан-жақты дамыған тарихы әлі де жетіспейді. Сондықтан қазақ әдебиетін, нақтырақ айтсақ, Абайдың даналық сөздерін мәдениетаралық қатынас теориясы тұрғысынан талдай отырып, тұжырымдарын жасауға болады. Отыз төртінші қарасөзінде Абай: «Адам баласына адам баласының бәрі – дос», – деген атақты афоризмін айтады. «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген өлеңдік афоризмін осы қарасөзінде түсіндіріп өтеді: «Не үшін десен, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазан, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің – бәрі бірдей, ахиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, көрден махшарда сұралуың – бәрі бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне қауіпің, екі дүниенің жақсылығына рахатың – бәрі бірдей екен. Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па?.. Біріңе-бірің қонақ екенсің, өзің дүниеге де қонақ екенсің, біреудің білгендігіне білместігің таластырып, біреудің бағына, малына күндестік қылып, я көрсеқызарлық қылып, көз алартыспақ лайық па? [11].

Абай өз халқын ағартуды, өзгелермен тең дәрежеде болуын көздеді, мысалы, Екінші қарасөзінде, Абай өз өмірінің алғашқы жылдарында қазақтардың сарттарды, ноғайларды, орыстарды келемеждейтініне жиі куә болғанын жазады, бірақ Абай есейген сайын әр халықтың қай жағынан болса да қазақтардан әлдеқайда табысты екенін байқай бастайды: сарт деп менсінбеуші еді, «енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Өзіменен өзі әуре болып, біріменен бірі ешбір шаһары жауласпайды! Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлісінің ахиреттігін, тірісінің киімін сол жеткізіп тұрды. Әке балаға қимайтұғын малыңды кірелеп сол айдап кетіп тұрды ғой. Орысқа қараған соң да, орыстың өнерлерін бізден олар көп үйреніп кетті. Үлкен байлар да, үлкен молдалар да, ептілік, қырмызылық, сыпайылық – бәрі соларда» деп, бұл елдің егін егумен, саудамен айналысып, орыстан көп нәрсе үйреніп алғанын да көрсетеді [11]. Ал ноғайлар туралы: «Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда. Оның малдыларына, құзғын тамағымыз үшін, біріміз жалшы, біріміз қош алушымыз. Біздің ең байымызды: «сәнің шақшы аяғың білән пышыратырға қойған идән түгіл, шық, сасық казак», – деп үйінен қуып шығарады. Оның бәрі – бірін-бірі қуып қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып, зор болғандық әсері» деп, өз халқын бірлікке, еңбекке шақырады [11]. Қазақ басқаларды келеке етіп, қымбат уақытын босқа өткізіп жатса, басқа халықтар аз болса да, елеулі қадамдар жасап, ақыры қазақты басып озды.

Бұл сөздің біз үшін ерекше құндылығы бар, өйткені бұл жерде Абайдың қазақ халқын этноцентристік қасиеті үшін алғашқылардың бірі болып сынағанын көреміз. Абай қазақ халқын сан алуан кемшілігін сынағаны белгілі, бірақ ол қазақ халқының бұрынғы азаттығы мен тәуелсіздігінен айырылғанына қайғы тарта отырып, Абай бостандыққа жетудің кілті – білім мен ғылымда деп түсінді. Ал білім мен ғылымға қол жеткізу үшін қазақ халқы өзге халықпен қарым-қатынас орнатуы қажет екенін, нақты айтқанда, уақыттың өзі белгілі бір дәрежеде қазақ халқын экономикалық қана емес, мәдениетаралық қатынасқа мәжбүр етті. Ал Абай мұны түсінген соң, халқының да білгенін қалады. Абайдың сөздері әлемдік мәдениетаралық коммуникация теориясының іргелі тұжырымдамаларынан артық айтпаса, кем түспейді.

Қазақ халқы үшін өнердің асқар шыңы – сөз өнері, яки әдебиет: бұл туралы көрнекті әдебиетші ғалымдарымыз атап өткендей, «өнер алды – қызыл тіл» сияқты ғасырлар бойы халық арасында айтылып келе жатқан халықтың ауыз әдебиеті мен авторлық әдебиеті дәлелдейді.

Ал өнер қоғамдық сананың бір түрі болғандықтан, ол тек қана емес, сонымен бірге ежелден бері жеке адамдарды қоғаммен байланыстыратын, ең алуан түрлі субъектілер мен заман арасындағы, сонымен қатар әртүрлі мәдениеттер немесе әртүрлі дәуірлердің өкілдері арасындағы қарым-қатынастың ерекше әдісі ретінде қызмет етіп келеді. Басқаша айтқанда, өнер туындысы бар жерде қарым-қатынастың түріне де айрықша, орынды болады. Әсіресе, қазіргідей коммуникация дәуірінде, әр түрлі елдер мен мәдениеттер арасындағы шекаралар бұлыңғыр болып бара жатқан жаһандану заманында және әрбір мәдениеттің бірегейлігімен қатар, белгілі бір мәдениеттің кеңірек контекстіне, яғни басқа мәдениеттермен қарым-қатынасына көңіл бөлініп отырған уақытта аса маңызды.

Қорытынды

Қазіргі ақпараттық заманда шын және жалған ақпарат тең дәрежеде қолданылып, адам дамуының эволюциялық жолында ғасырлар бойы жинақталған білімнің өзіне күмән тудыруда. Алуан түрлі ақпараттар ағыны бұрын жинақталған білімді құнсыздандырып, жастар жалған ақпаратты тұтынуға мәжбүр, бұл оң құндылықтар жүйесін қалыптастыруға ықпал етпейді. Еліктеу біліміне қанағаттанған адам оңай басқарылады. Сондықтан жастардың бойында жеке тұлғалық жинақталған және игерілген білім негізінде құрылған ішкі ақпараттық сүзгілер қалыптастырып, кез-келген таратылатын жалған ақпаратты шындық ретінде қабылдамайтын азамат тәрбиелеу қажет. Жеке тұлғаның ішкі ақпараттық сүзгісі – шындық білім мен ғылым нәтижелері және ұлттық құндылықтан құрылуы керек.

Өйткені, қоғамның болашағы көп жағдайда ортада дамыған құндылық әлеуетіне байланысты. Осы орайда, Абай қарасөздері – жалпы адамзаттық рухани құндылықтар мен ұлттық құндылықтың негіздерінен құйылған темірқазығымыз.

Әдебиеттер

1. Тоқаев Қ. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. 2020 жылғы 08 қаңтар. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy
2. Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы: Мектеп, 1976. – 187б.
3. Ел аузынан. Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер. Алматы: Жазушы, 1985.- 368б.
4. Дәдебаев Ж. Құндылықтар концепциясы //Абай ілімі. Оқу құралы: лекциялар. – Алматы: Абай институты, – 2022. – Б. 141-154
5. Дәдебаев Ж. Абай ілімін білу, түсіну және қолдану //Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Хабаршысы. Филология сериясы, 2021. – №4 (184). – Б. 147-154.
6. Мұхамдиев Д.Б. «Хәкім Абай ғақлияларындағы жалпыадамзаттық құндылықтар» //Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен ілімі. Төртінші халықаралық конференция материалдары. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2023. – Б.198-205.
7. Сабырбаева Р.Қ., Бегманова Б.С. Хәкім Абай шығармашылығындағы «ұлттық код» тұжырымдамасы» [The concept of «national code» in the work of Hakim Abai] //Абай (Ибраһим)

Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен ілімі. Төртінші халықаралық конференция материалдары.– Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2023. – Б. 205-213.

8. Tarakov A.S., Azimbayeva I.K., Abdullayeva Z.T. Translation problems of phraseological units: On the basis of M. Auezov's Novel the Way of Abai. Mediterranean Journal of Social Sciences, 2015. – 6 (4S2). – P. 370-374.

9. Байшукурова Г.Ж., Койшыманова Г.Ж. Система ценностей в казахских пословицах (на материале «Слов назиданий» Абая). Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Филология», 2021. – №1 (75). – Б.214-219

10. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар. Алматы: «Санат», 1995. – 320 б.

11. Құнанбаев А. Абайдың қарасөздері. <https://bilim-all.kz/article/9801>

12. Leeds-Hurwitz W. «Writing the intellectual history of intercultural communication». The Handbook of Critical Intercultural Communication, 2011. – P.21-33.

13. Martin J., Nakayama T. and Carbaugh D. «The history and development of the study of intercultural communication and applied linguistics». The Routledge Handbook of Language and Intercultural Communication, 2012. – P.17-36

14. Bennett M.J. Toward ethnorelativism: A developmental model of intercultural sensitivity. In R. Paige (Ed.), Education for the intercultural experience. Yarmouth M.E: Intercultural Press. 1993. – P.21-71.

References

1. Tokayev K. Abai zhane XXI gasyrdagy Kazakhstan [Abai and Kazakhstan in the 21st century]. 08 January 2020. – Available at:

https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy (in Kazakh)

2. Adambaev B. Khalyk danalygy [Folk wisdom]. – Almaty: Mektep, 1976. – 187p. (in Kazakh)

3. El auzynan. Sheshendik sózder, aqyndyq tolǵamdar, ańyz ángimeler [From the people. Oratory words, poetic reflections, legends]. – Almaty: Zhazushy, 1985. –368p. (in Kazakh)

4. Dadebaev Zh. Kundylyktar kontseptsiyasy [Concept of values]. Abai ilimi. Oqu kuraly: lektsiyalar [Abai doctrine. Study guide: lectures]. – Almaty: Abai instituty, 2022. – P. 141-154. (in Kazakh)

5. Dadebaev Zh. Abai ilimin bilu, tusinu zhane qoldanu [Knowing, understanding and applying Abai's teaching]. Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University. Philology series, 2021, 4(184). – P. 147-154. (in Kazakh)

6. Mukhamadiyev D.B. «Khakim Abai ghakliialaryndagy zhalpyadamzattyk kundylyktar» [Universal human values in Hakim Abai's philosophy]. Abai (Ibrahim) Kunanbayuly's creative heritage and doctrine. Proceedings of the 4th international conference. – Almaty: Abai gylimi-zertteu instituty, 2023. – P. 198-205. (in Kazakh)

7. Sabyrbaeva R.K., Begmanova B.S. «Khakim Abai shygarmashylygindagy “ulttyk kod” tuzhyrymdamasy» [The concept of «national code» in Hakim Abai's works]. Abai (Ibrahim) Kunanbayuly's creative heritage and doctrine. Proceedings of the 4th international conference. – Almaty: Abai gylimi-zertteu instituty, 2023. – P. 205-213. (in Kazakh)

8. Tarakov A.S., Azimbayeva I.K., Abdullayeva Z.T. Translation problems of phraseological units: On the basis of M. Auezov's novel The Way of Abai. Mediterranean Journal of Social Sciences, 2015, 6(4S2). – P. 370-374.

9. Baishukurova G.Zh., Koishymanova G.Zh. Sistema tsennostei v kazakhskikh poslovitsakh (na materiale «Slov nazidanii» Abaya) [Value system in Kazakh proverbs (based on Abai's “Words of edification”)]. Bulletin of Abai KazNPU, Philology series, 2021, No. 1(75). – Б. 214-219 (in Russian)

10. Auezov M. Abai Kunanbaev. Monografiyalyk zertteuler men makalalar [Abai Kunanbayev. Monographic studies and articles]. – Almaty: Sanat, 1995. – 320 p. (in Kazakh)

11. Kunanbaev A. Abai's kara sozderi [Abai's «Words of edification»]. – Available at: <https://bilim-all.kz/article/9801> (in Kazakh)

12. Leeds-Hurwitz W. Writing the intellectual history of intercultural communication. The Handbook of Critical Intercultural Communication, 2011. – P. 21-33. (in English)
13. Martin J., Nakayama T., Carbaugh D. The history and development of the study of intercultural communication and applied linguistics. The Routledge Handbook of Language and Intercultural Communication, 2012. – P. 17-36.
14. Bennett M.J. Toward ethnorelativism: A developmental model of intercultural sensitivity. In R. Paige (Ed.), Education for the intercultural experience. – Yarmouth, ME: Intercultural Press, 1993. – P. 21-71.

А.Ж. Карибекова^{*1}, Г.С. Аскарова², А.Н. Турарова³

^{1,2}Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,
050010, Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Достык, 13

³Таразский университет имени М.Х. Дулати,
080000, Республика Казахстан, г. Тараз, ул. Сулейменов, 7

^{*}ORCID: 0009-0008-7269-4247

^{*}e-mail: ak_torgyn-karibek@mail.ru

ПОСЛОВИЦЫ И АФОРИЗМЫ В СЛОВАХ НАЗИДАНИЙ АБАЯ И СОВРЕМЕННЫЕ ДУХОВНЫЕ ЦЕННОСТИ

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы использования народных пословиц и поговорок в словах назиданиях великого казахского деятеля Абая Кунанбаева на основе системы ценностей. Пословицы и поговорки, используемые Абаем, отражают основные ценностные ориентации казахского народа. Особое внимание уделяется пословицам и поговоркам, отражающим наши духовные ценности в изречениях и поговорках Абая, которые подверглись критике поэта. Вариативно-идиоматические значения, эмоционально-экспрессивная окраска, социальная значимость пословиц, резко критикуемых в изречениях Абая, рассматриваются и формулируются в единстве с мыслями Абая. В статье определяется место пословиц и поговорок, которым великий просветитель нашего народа Абай уделял особое внимание, в системе духовных ценностей современной эпохи.

В настоящее время в сознании молодёжи вместо социально значимых ценностей всё чаще проявляются индивидуальные поведенческие черты, всё более очевидны противоречивые мировоззрения. Цифровые трансформации глобализации определяют направление развития социальных ценностей, приводят к появлению и закреплению новых ценностей, изменению поведенческих стратегий и делают особенно актуальным прогнозирование этих изменений в мышлении, механизмах его действия и направленности, а также профилактику негативных форм поведения с учётом складывающейся ситуации.

В статье анализируется роль пословиц и афоризмов, которые особенно выделяются в словах назиданиях Абая, как средства коммуникации и воспитания, и делается вывод о необходимости коррекционного воздействия для формирования базовых позитивных ценностей у молодёжи.

Ключевые слова: пословицы, аксиология, ценность, пословицы, Абай.

A. Karibekova^{1*}, G. Askarova², A. Turarova³

^{1,2}Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
050010, Republic of Kazakhstan, Almaty, 13 Doctyk street

³Dulaty University,
080000, Republic of Kazakhstan, Taraz, 7 Syleimenov street

^{*}ORCID: 0009-0008-7269-4247

^{*}e-mail: aktorgyn-karibek@mail.ru

PROVERBS AND APHORISMS IN ABAY'S WORDS OF EDIFICATION AND MODERN SPIRITUAL VALUES

Abstract. This article examines the use of folk proverbs and aphorisms in *The Book of Words* of the great Kazakh figure Abai Kunanbayev, based on his value system. The proverbs and aphorisms used by Abai reflect the fundamental value orientations of the Kazakh people. Particular attention is paid to proverbs and sayings that reflect our spiritual values in Abai's proverbs, which were criticized by the poet. The variable idiomatic meanings, emotional and expressive coloring, and social significance of proverbs sharply criticized in Abai's sayings are considered and formulated in unity

with Abai's thoughts. The article determines the place of proverbs and aphorisms, to which Abai, the great educator of our people, paid special attention, in the system of spiritual values of the modern era.

Currently, in the minds of young people, instead of socially significant values, individual behavioral traits are increasingly manifesting, and contradictory worldviews are becoming increasingly evident. Digital transformations of globalization are shaping the development of social values, leading to the emergence and consolidation of new values, and changes in behavioral strategies. These transformations make it particularly important to predict these changes in thinking, their mechanisms of action and direction, as well as prevent negative behaviors, taking into account the evolving situation.

This article analyzes the role of proverbs and aphorisms, particularly prominent in Abai's The Book of Words, as a means of communication and education, and concludes that corrective interventions are necessary to foster basic positive values in young people.

Keywords: proverbs, axiology, value, aphorisms, Abai.

Авторлар туралы мәліметтер

Кәрібекова Акторгын Жамаубайқызы* – филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Академик С. Қирабаев атындағы қазақ әдебиеті және оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Алматы, e-mail: ak_torgyn-karibek@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-7269-4247>.

Асқарова Гауһар Сарыбайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті С. Қирабаев атындағы қазақ әдебиеті және оқыту әдістемесі кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., Қазақстан Республикасы, Алматы, e-mail: gauhar_8@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0688-4850>.

Тұрарова Айсулу Нұрдыңқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті Педагогика және әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы, Қазақстан Республикасы, Тараз, e-mail: aisulu.turarova@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4712-5420>.

Сведения об авторах

Карибекова Акторгын Жамаубаевна* – кандидат филологических наук, старший преподаватель кафедры Казахской литературы и методики преподавания имени академика С.Кирабаева, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, e-mail: ak_torgyn-karibek@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-7269-4247>.

Асқарова Гаухар Сарыбаевна – кандидат филологических наук, и.о. ассоциированного профессора кафедры Казахской литературы и методики преподавания имени академика С.Кирабаева, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, gauhar_8@mail.ru. ORCID:<https://orcid.org/0000-0002-0688-4850>

Турарова Айсулу Нурдыновна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, декан факультета Педагогика и социальные науки, Таразский университет им. М.Х.Дулати, Республика Казахстан, e-mail: aisulu.turarova@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4712-5420>

Information about the authors

Aktorgyn Karibekova* – candidate of philological sciences, Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Kazakhstan, Almaty, e-mail: Aktorgyn-karibek@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-7269-4247>.

Gaukhar Askarova – candidate of philological sciences, Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Kazakhstan, gauhar_8@mail.ru, ORCID:<https://orcid.org/0000-0002-0688-4850>.

Aisulu Turarova – candidate of philological sciences, Associate Professor, Dulaty University, Republic of Kazakhstan, Taraz, e-mail:aisulu.turarova@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4712-5420>.

Редакцияға енуі 10.10.2025
Жариялауға қабылданды 22.12.2025